

## «Lesson Study» -дің талдауы

Lesson Study – бұл сыныптағы іс-әрекеттегі зерттеу жұмысының ерекше түрі, ол мұғалімдер топтарының Lesson Study –ді бірлесіп жоспарлауын, оқуын, қадағалауын және талдауын көздейді.

Осы орайда желтоқсан айында 2 қазақ сыныбында білім сапасын көтеру, пән мұғалімдерінің өзара тәжірибе алмасуын, кәсіби шеберлігін, бақылау дағдыларын дамыту мақсатында бастауыш сынып мұғалімдері мен сынып жетекшісі Ж.Рахимжанова бірлескен түрде Lesson Study өткізілді.

Неге осы сынып таңдалып алынды? Себебі менің қарамағымда бақылауды 2- сыныптар болатын. Зерттеу жүргізу үшін мұғалімдерінің бірлесуімен математика сабағынан LessonStudy-ді өткізу жоспары құрылды.

Жоспар бойынша үш сабақ өткізілетін болды:

4.12.23 – «Шамалардың мәндерін қосу жіне азайту»,


12.12.23 – «Сандар жиынын құру және жіктеу»,

19.12.23 – «Ақиқат және жалған» сабақтары белгіленді.

Бақылауға алынған үш оқушы:

- А деңгейдегі жақсы оқитын оқушы С.Е.
- В деңгейдегі орташа оқитын оқушы Е.Ж.
- С деңгейдегі ортадан төмен оқитын оқушы А.А.

Осы үш әр оқушыға мінездеме беріліп, білім деңгейіне жалпы баға айта отырып балалардың мүмкіндіктері талқыланды. Мысалы, А деңгейдегі оқушы С.Е. сабақта жақсы нәтиже көрсете алады. Шамалдардың мәндерін қосып азайту, жиындарды құру және ақиқат па жалған ба екенін таба алады.



Нәтижесінде Lesson Study өткізу үшін «Білім сапасын арттыру мақсатында жаңа тәсіл ендіре отыра, оқушылардың өз бетімен жұмысын жетілдіру» тақырыбы таңдалып, келесідей күтілетін нәтиже анықталды:



- Оқыған материалдарына сүйене отырып, есептерді шығара алады;
- Берілген есептерді оқушылар топпен жұмыс жасайды.
- Берілген есептердің мәндерін таба алады;
- Берілген қосынды мен айырманың мәндерін есептеу үшін «Өрнектердегі амалдар реті»ережесін қолданып өрнектердің мәнін таба алады;
- Өздіктерінен жұмыс жасай алады;



-Білім сапасы артады.

Lesson Study үш цикл бойынша өткізілді. 1-циклде алғашқы зерттеу сабағы бірлесіп жоспарланып, өткізілді, сабақ соңынан оқушылармен сұхбат жүргізіліп, олардың пікірлері ескеріле отырып, зерттеу жүргізуші мұғалімдер бірлесе талдау жасап, келесі зерттеу сабағы бірлесе жоспарланып отырды. Осындай іс-әрекет әрбір зерттеу сабағынан кейін қайталанып отырды.

Алғашқы зерттеу сабағын талдау барысында оқушыларға өз бетімен орындау үшін деңгейлік тапсырмалар дайындау ұсынылды. Екінші зерттеу сабағы алғашқы сабақтың қорытындысындағы ұсыныс ескеріле отырып құрылды және өткізілді. Сабақта оқушылар деңгейлік тапсырмалармен жұмыс атқарды, сабақты талдау нәтижесінде үшінші зерттеу сабағына шығармашалық тапсырмаларды күрделендіріп беруге ұсыныс жасалды.

Алдыңғы сабақтан соңғы ұсыныс, оқушымен сұхбат нәтижесі ескеріле отырып, мұғалімдердің бірлесуімен үшінші зерттеу сабағының жоспары құрылып, өткізілді. 3 цикл аяқталған соң мұғалімдердің бірлесуімен Lesson Study қорытындыланды. Нәтижесінде жалпы сыныптағы әр түрлі деңгейдегі оқушылар бойынша өзгерістерді анықтап, төмендегідей қорытынды жасалды:

С деңгейіндегі оқушы:

- Берілген есептермен жұмыс жасай алды;
- Есептердің мәндерін тауып өздіктерінен жұмыс жасауға ынталанды.

В деңгейіндегі оқушы:

- Алған білімдерін қолданып, қосымша материалдармен жұмыс жасай алды;
- өздіктерінен білім алуы үшін сөз есептердің шартын жазып мәндерін таба алды.

А деңгейіндегі оқушы:

- Проблемалық «өрнектердегі амалдар реті» ережесін қолданып өрнектердің мәнін тауып ізденді. Өз білімдерін шығармашылық тапсырмаларды орындай алды.

Сабақтарының нәтижесінде біз мынаны ұқтық. А деңгейіндегі оқушы берілген тапсырманы орындап тастап, қасындағы оқушыларға көмектесе бастағаны, В деңгейіндегі оқушы да топпен жұмыс кезінде оқулықтағы есептермен жұмыс жасап, не болғанда да қатарынан асуға тырысып бақты. Ал С деңгейіндегі оқушы басқа оқушыдан көшіріп алуға тырысып, бірақ та ойын сабақтарын өткізген кезде, кітаптағы есептерге қызығушылық танытып, сабаққа аралсақандығын байқадық.

Бұл зерттеу жұмысы тек оқушылардың білім сапасын көтеруге ғана бағытталып қойған жоқ, сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімдерінің жаңа әдісті тиімді ендіріп, қолдану құзыреттіліктерін жетілдіруді мақсат еткен болатын. Осыған байланысты, пән мұғалімдеріне төмендегідей ұсыныстар жасалды:

- Өз бетімен жұмыс белгілі бір мақсатқа бағытталған, оқушы орындай алатындай етіп тандалуы тиіс;
- Тапсырма бар ынтасын салып жұмыс істейтіндей, қызықты етіп әзірленуі керек;
- Тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай бағытталуы керек;
- Тапсырмаларды дайындау барысында көп алмау;
- Мұғалімге уақытты үнемдей алу;
- Оқушылардың берген жауабын мұқият тындап, қатесін түзетіп отыру;
- Өткізілген зерттеу бойынша педагогикалық кеңесте мектеп ұжымымен бөлісу.

Қорытындылай келе, бұл тәсілдің **нәтижесінде** біз оқушылардың білімдерін жаңа тәсілдер арқылы кеңейте алдық. Сабақ соңында өз мақсаттарымызға жеттік, қалыс қалған оқушылар болған жоқ.

Бағдарламаның жеті модулін ықпалдастыра отырып, оқушылардың сұрақтарға толық жауап беруіне, ойларын ашық айтуға үйреттік. Топтық жұмыс арқылы ойларын ортаға салып талқылау, талдау, өз пікірін ашық айтуға дағдыландыра отырып, бірін-бірі, өздіктерін, жұптарын, топтарын бағалауға үйретіп, оқуға деген қызығушылығын арттырдық. Болашақта осындай әдіс - тәсілдерді қолдана отырып өткен сабақтарымызбен оқушының білім, білік дағдыларын арттыруды көздеп отырмыз және үлгерімі "С" дәрежесіндегі оқушылармен әлі де жұмыстар жасап "В" дәрежесіне жеткізуге, "В" дәрежесіндегі оқушыларды "А" дәрежесіне жеткізуге тырысамыз.

Пән мұғалімі: Рахимжанова Ж.Б.

